



Мәртөк ауданы бойынша бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын бекіту туралы

Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық мәслихатының 2014 жылғы 17 ақпандағы № 111 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 12 наурызда № 3819 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6, 39-3 баптарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 «Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы» қаулысына сәйкес Мәртөк аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Мәртөк ауданы бойынша бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Мәртөк аудандық
мәслихатының сессия төрағасы*

*Мәртөк аудандық
мәслихатының хатшысы*

Б.Казанбаев

А.Смағұлов

2014 жылғы 17 ақпандағы № 111
Мәртөк аудандық
мәслихатының шешімімен
бекітілген

Мәртөк ауданы бойынша бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 39-3 бабының 6 тармағына сәйкес әзірленді және Мәртөк ауданы бойынша ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу тәртібін белгілейді.

2. Ауылдық округтердің аумағындағы ауылдың, көшенің, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындары (бұдан әрі – бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

2. Бөлек жиындарды өткізу

3. Ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй шегінде бөлек жиынды ауылдық округтің әкімі шақырады және ұйымдастырады.

4. Бөлек жиын Мәртөк ауданы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге оң шешімі бар

болған жағдайда өткізіледі.

5. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында тиісті ауылдың, көшенің, көппәтерлі тұрғын үйдің қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

7. Ауылдық округ әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынды ашады және бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

3. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің (бұдан әрі – өкілдері) кандидатураларын бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

Өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады.

9. Өкілдердің сандық құрамы ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының әрбір елу адамынан үш адам болып белгіленеді.

10. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

11. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны тиісті ауылдық округ әкімінің аппаратына береді.

12. Қазақстан Республикасының азаматын жергілікті қоғамдастық мүшесі деп тануға жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын әкімшілік-аумақтық бөлініс шекарасының аумағындағы тұрғылықты жері бойынша оны тіркеу фактісі негіз болып табылады.

Қазақстан Республикасы азаматтарының жергілікті қоғамдастық мүшелігіне кіруінің қандай да бір өзге де шарттарының белгіленуіне жол берілмейді.

13. Жергілікті қоғамдастық жиыны мен жергілікті қоғамдастық жиналысына кәмелетке толмаған адамдардың, сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдардың, сондай-ақ сот үкімімен бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдардың қатысуға құқығы жоқ.